

Ұлы ұстаздың 1884 жылы қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жолдаған хатынан оның бұл тұста «астыртын жауларының көбейгенін» сезгенімен, зұлымдық іс-әрекетті үйімдас-тырушылардың кім екенін нақты білмегенін байқаймыз.

Хат иесі зұлымдыққа қарсы тұрып, суға батып бара жатқан адамдарды құтқару үшін әрекет жасаудың өзі қауіпті екенін ашына жазып: «Ертеректе мұндай жағдайда бастықтардың өзі мені қолдар деп сенген едім» деп кейінгі кезде ол ойынан да үміт үзгегенін, оларға да сенбейтінін білдіреді. «Алланың жазмышы сол болса – орындала берсін, бірақ мен өзімнің негізгі пікірімнен таймаймын, күшім жеткенше қандастарыма пайдалы адам боламын деген талабымнан қайтпаймын», – деп қатерге бас тігеді.

1922 жылы 22 сәуірде жазған М.Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин» мақаласында «17 іюльде 1889 жылы 48 жасында Ыбырай жүрек ауруынан» қайтыс болғанын көрсетеді. [Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2 – кітап, Шолпан. – Алматы. Өнер, 2010. 244 б.]

Ыбырай шәкірті Фабдолғали Балғымбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» 1889 жылдың жазғы шілде айында Ы.Алтынсарин неден екенін анық білмеймін: не өкпесіне сүйк тиіп, не бетеге дертіне ұшырап, қатты ауырып қалды» – дей келіп қасында жергілікті дәрігерлер Лапинский мен Қарабаевтың болғанын, бірақ олардың да ауруын анықтай алмағанын, кейін Тройцкі қаласынан келген белгілі дәрігер Покрывалов «қарынның іскеніне қарап, ауруын бетеге деп» тапқанын айтады [«Ыбырай Алтынсарин тағылымы». Ал. «Жазушы», 1991. 378 б.].

Өкпесіне сүйк тиғен адамның ауруын тәжірибелі дәрігерлердің анықтай алмауы да, Покрываловтың қарынның іскеніне қарап ауруын бетеге деуі де сенімсіздеу.

Ильминский Ыбырайдың қайтыс болғаны жайында жазылған қазанамасында оны өкпе ауруынан опат болды десе, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, кезінде аудан басшыларының бірі болған Әуезхан Жұсіпов ақсақал Ыбырайдың жүрек, бауыр ауруынан қайтыс болғанын айтады («Аманат», 1991. 9 сәуір. 4 б.).

Ыбырайдың дүниеден ертерек өтүіне себеп – аурудың мендеуі, денеге тиғен таяқ. Ең бастысы жан жарасы – қайғы, қасірет, құсалық. Ұлы ұстаздың соңғы сәттерінде қасында болып, емдеген дәрігерлердің оның ауруын көрсетіп, дәл айта алмауының сыры да осында жатқан сияқты.

## **Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ЖҰЗЕГЕ АСУЫ**

**Өтешеева Н.Қ.**

*М.Қозыбаев атындағы №23 орта мектебі*

Асқаралы талант иесі Ы. Алтынсарин есімі қашанда уақыт сынынан мұдірмей өтіп өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады.

Тәжірибе – барлық ғылымның бастамасы деп, Қазақстан педагогикасы – мектептеріміздің даму тәжірибесіне негізделіп қалыптасқан ғылым. Сондықтан Қазақстан Республикасы болашақта өсіп-әркендер, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарынан орын алудың бүгінгі жаистардың жоғары дәрежелі білімді, мәдениетті маман болып шығатындей тәрбиелеуге тікелей байланысты. Демек, кез келген оку орындарына қойылатын негізгі талап – жан-жақты білімді, кәсіби мамандығын жете игерген, қабілетті іскер маман дайындау. Болашақ маман дайындау тәжірибесінен Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарының оқу-тәрбие ісінде жүзеге асып келгеніне және асырыла беретініне көзіміз жетеді.

М. Әуезов «ірі ағартушы, озық саналы әлеумет қайраткері, өнерлі ақын» деп, бағалаған Ы. Алтынсариннің педагогикалық және шығармашылық қызметінің кез-келген саласымен өзектесіп жататын ағартушылық ой-пікірлері Қазақстанда білім беру саласының істәжірибесінде көрініс беріп келеді. Ы. Алтынсариннің: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мүқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» деген өсіметті елімізде ұстаздар жүзеге асырып отыр.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында білім беру ісімен көсіпті түрде айналысқан алғашқы мамандардың бірі. 19-шы ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тен болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іс жүзінде үйімдастыруға белсене араласты.

Ұлы ағартушы 1886 жылы «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде Торғай облысындағы мектептердің жағдайын сараптай отырып: «...отырықшы халықтармен сыйайлас болып отырган қазақ халқының арасында өзінің көрші тілін білуге, олардың жазуын үйренуге үмтүлүшшілік күшейіп келеді, өйткені, біріншіден, олардың қа-

зіргі экономикалық және саяси жағдайының өзі аяқтарын аттап басқан сайын дерлік, мысалы, орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет деп отыр, екінші дең, бұл халық өзінің табиғи жаратылсында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз халық – деп жаза отырып, осы табиғи мүмкіндітерді дамытып, оны халықтың игілігін арттыруға тиімді пайдалануға жағдай жасау қажеттілігін ескертеңді.

Ең алдымен, ғалым-педагог халықты дін ықпалынан босатып, ғылыми дүниетанымынан қалыптасуын жеделдетуді ұсынады. Дүниеге ғылыми көзқарас адамның ішкі қуаттырының молынан ашылып, іс-әрекет аясының кеңеюіне негіз болады. Дүниетанымынан өреңсі кең адам қоршаған орта мен әлеуеттік-мәдени даму кеңістігінде еркін де батыл қимылдар жасайды. Соナン соң ғалым-педагог білім беруді үйымдастырудығы өзінің негізгі принциптерін ұсынды.

Ұбырай Алтынсариннің 19-ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері 21-ші ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, даими түсіде. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабактастықты және дәстүр тұрақтылығын тағы да дәлелдей түседі.

Ұлы Ұбырай атамыз ағартушылық идеялары біздің Қостанай қаласының біршама оқу орындарында қалай жүзеге асырылып жатыр? Оның идеялары қазіргі заманға сәйкес не?

Ағартушының өсietін Қостанай педагогикалық колледжі жүзеге асыра отырып, қоғам үшін болашақ ұстаздар тәрбиелеп шығаруда.

Мектептер үшін сапалы мамандар даярлап отырған Қостанай педагогикалық колледжі – көп сатылы «Лицей – Колледж – ЖОО» жүйесі арқылы үздіксіз көсіби білім беретін оқу орны. Үздіксіз білім берудің механизмі адамның рухани әлемін байту, жаңа экономикалық және қоғамды-саяси деңгейін көтеру, ғылыми-техникалық ақпараттарды қабылдау, зерделік және мәдени дәрежесін мейлінше арттыруға келіп саяды. Үздіксіз білім берудегі мақсат: сапалы да, қоғамда бәсекеге қабілетті маман өзірлеп шығару. Лицейде профильдік білім беріп, болашақ мұғалімдік мамандыққа бағыттайты, колледжде көсіби білім бере отырып, ауыл мектептері үшін сапалы мамандайындауға күш салады. ЖОО – гуманитарлық институтта мамандық бойынша қысқа мерзімде жоғары білім алады. Болашақ маман дайындауда ы. Алтынсарин салып берген педагогикалық үлгі колледж үшін сара жолға айналғанына осы үздіксіз білім беру жүйесі арқылы атқарылып жатқан істер күе дерліктей. «Мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» – деп ы. Алтынсарин айтқандай, колледж ұстаздарының бейнесі мен өрлеу сатысын колледждің қол жеткен табыстары айқындаі алады.

Педагикалық колледждің алғашқы сатысы – профильдік лицей оқушылары үшін де ы. Алтынсарин армандаған білімді үрпақ тәрбиелеуде ғылыми-әдістемелік жүйе жасап, ұлы педагогтың идеясын жүзеге асырып келеді. Колледждің ғылыми-зерттеу зертханасынан шығатын әдістемелік құралдар мен оқу-әдістемелік жобалар осы лицейде эксперименттен өтеді.

Ы. Алтынсарин оқытушының өз жұмысында оқушыларын зерттеп-танаудың білу керектігіне ерекше көніл аударған. Оқытушының әрбір оқушының жалпы мінез-құлқына, ақыл-парасатына зер салып, әрі өзгешіліктерін ескеріп шын көнілмен еңбек сіңіруі тиіс екендігін ескерткен.

Білікті тәлімгер, тамаша әдіскер Ұбырай атамыз ұсынған оқыту тәсілдері, кабинеттік жүйемен оқыту өз мәнін жойған жоқ. Осындай атамыздың идеялары М. Қозыбаев атындағы № 23 мектепте де орын алады. Осы мектептің мұғалімдерінің алуан түрлі көрnekіліктермен, дидактикалық материалдармен толықтыруға, пән кабинеттерін уақыт талабына сай жабдықтауға ұмтылуы – ұлы ағартушы ілімі өміршенігінің айқын бір дәлелі.

Ұлы ұстаз оқушылардың теориялық білімін арттыру жолдары машиқтанумен ұштасыра жүргізуғе үлкен мән береді. Сондықтан біздің мектептің мұғалімдері оқушыларға білім беруде педагогикалық машиқтануларға көп көніл бөледі, заман талабына сай инновациялық технологияларды қолдана отырып, ағартушының идеяларын жүзеге асыруға өз үлестерін қосып жүр. Ұбырай атамыз армандаған ұстаз қоғам талабына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті болуы тиіс.» Біз болмасақ, сіз барсыз, үміт еткен достарым!» – деп ол өз халқының келешек үрпақтарына сеніп кеткен. Міне, сол үрпақ Ұбырай арманының жүзеге асқанын бұл күнде айқын көріп отыр.

Ерекше назар аударатын жағдай ы. Алтынсарин сабак кезінде білім алу мен сабактан тыс уақытта білім алушы ұштастыруды ұсынды. Сабактан тыс уақытта табиғат туралы және химиялық әңгімелерді, сонымен қатар аса маңызды жаңалықтар туралы материалдарды беруге кенес берді. Бұл жерде педагог-ғалым баланы біржақты ақпаратпен жалық-

тырмай, оның қызығын әрдайым қоздырып, туындағып, жандырып отыру керектігін атап көрсетті. Өйткені, қызығусыз жайғана түсінілген ақпарат тез ұмытылады, ал жан-жақты ойлану немесе аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, Зердеде сақташып қалады және басқа бір білімнің туындауына дәнекер, негіз болады.

Ы. Алтынсарин оқушыларға ұсынылатын кітаптардан басқа оқытушының өзі де окуы қажетті оқулықтар мен ғылыми зерттеулерді атап көрсетті. Оның мұғалімнің білімі жан-жақты және терең болуы керек деген пікірі қазіргі заманда өте өзекті.

Ұбырай Алтынсарин өзінің педагогикалық-ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптерге және әдістерге сүйенгені бізге мәлім. Сол ол қолданған әдістер мен принциптер қазір бала тәрбиелене және білім беруде қолданыла ма? Ол қандай принциптер?

Біріншіден, білім беруді әліппеден бастауды ұсынды. Әліппе деген – білімнің ең қаралайым сатысы, оны аттап кетуге болмайды.

Бұл заңдылық жалпы адам танымының қисынан туындаиды. Өйткені ешкім де бірден қыын нәрсені белгілі дайындықсыз түсіне алмас еді. Әр уақытта қарапайымдықтан күрделікке, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылыс болу керек. Бұл да маңызды дидактикалық принцип.

Екіншіден, білім беруде жүйелік әр уақытта сақталуы қажет, әркімнің өзі білгенінше сабақ өткізуге қазір тіпті болмайды. Мұндай жағдайда оқыту мен оқу жұмысын жүргізуде жүйе болмайды. Ғалым-ағартушының система жоқ жерде нәтижелі іс те болмайтынына көзі жеткен. Кез келген пәнде оқытуда белгілі бір жүйе, қабылданған стандарт болуы қазір де аса маңызды талап. Осы принципке сүйене отырып, Ұбырай Алтынсарин сол кездегі мектептер жұмысына сараптама беріп отырған.

Үшіншіден, білім беру ісінде теориялық баяндау мен нақты іс-тәжірибе бірін-бірі то-лықтыруына аса үлкен мән берген. Ұылым мен техниканың ұлы жаңалықтарын өзінің шағын әңгімелерінің арқауы еткен ғалым «ғылым тәжірибе арқылы өзіне жол ашты» деген маңызды пікір қорытты. Алтынсариннің осындай ой-тұжырымдарымен бүкіләлемдік ғылым тарихындағы ақыл мен тәжірибелі рөлі туралы пікір-таласында өзіндік орын алды. Тәжірибе ақылға негіз, азық болады. Оның практикалық түрғыдан да рөлі өте қомақты.

Төртіншіден, білім берудегі этникалық ерекшеліктерге мән береді. «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырмын... Әз тұған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы да бір енбегіммен қызмет етпекпін ...» – деп атап көрсетті.

Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігін ұсынды. Отбасында, қоғамда қыз бала мен ер баланың өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының табиги ерекшеліктеріне сүйене отырып, бастауыш мектептерде ағаш өнеріне, қыздарды қол шеберлігіне үйрету көзделді. Осы принципті мектеп ісін ұйымдастырудың іске асырды. Мұның өзі Ы. Алтынсариннің өте көреген, алға ұмтылған педагог екенін көрсетеді.

Алтыншыдан, Ы. Алтынсарин білім беру процесінің ізгіліктік сипатын анықтайды.

Білім адамды рухани байытады, жаңын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көnlін көтереді, рухын нығайтады, жігерін қүшеттеді.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық ізденістерінде тілді игеру туралы біршама ойлар өрбіген. Әрине, сол заманың талабына сай ол орыс тілін үйренуге ерекше мән берген.

Бірақ ол баланы орыс тіліне баулуды ол өзінің ана тілін толық игерген соң мүмкін деп есептеді. «Әзге тілді үйрету балалардың бойына ана тілінің әбден сіңіскені байқалғанша ешбір басталмауға тиіс» – деп жазды К. Д. Ушинский.

Басқа тілді еркін менгерудің ең онтайлы жолы – ауызекі сөйлесуді үйрету. Ауызекі сөйлесу болмайынша, қандай болмасын тілде емін-еркін сөйлеу мүмкін емес дей отырып, Ы. Алтынсарин «орыс сөздерін айтқанда оның жаңынан кетпеу керектігін ескертеңді.

Ы. Алтынсарин өмір сүрген уақытта орыс тілін ғылым мен білімге ұмтылу үшін үйрено қажеттігі алдыңғы қатарға шықты. Кеңес дәуірінде қазақ балаларының көбі орыс тілін еркін менгеріп, қос тілді тұлғаларға айналды. Әкіншікес орай, осы үрдіс өте жақсы дамып, өз тілін білмейтін, оны білсе де еркін пайдалана алмайтын ұрпақ пісіп жетілді.

Осы жағдайда 90-шы жылдардан бастап жаппай қазақ тіліне көшу процесі басталып, орыс тілінің аясы тарыла бастады. Бұғынғы күннің даму динамикасы мұның да біржактылық екенін көрсетіп отыр. Өйткені көп үнді, көп мәдениетті, көп үлтты, көп конфессиялы заманда тек ғана бір тілдің аясында қалу – ол өзін-өзі уақыт пен кеңістікте тарылту, өз мүмкіндігін азайту, сыйғылу. Қазіргі жиһандану мен үлттық бірегейлену заманында бірнеше тілді еркін менгерген адам өзін басқалармен теңестіре алады.

Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, оның әрекет ету аясы кеңейді. Бұған басты себеп – қазақ тілінде білім беру кеңістігінің үлгайып, сапалы оқулықтардың көбеюі.

Сонымен, агартушының ұсынған принциптері қазіргі заманда өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ, дами түсүде.

Қазір айтылып жүрген ой-пікірлердің кезінде Ұбырай данамыздың аузынан шыққана тәні боласың. Солардың бірін ғана, яғни «қазақ халқының ақыл – ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар» қажет деген сөздеріне ой өрбітіп көрелік. Иә, бұл сөздерді айтқалы да ғасырдан астам уақыт өтті, заман өзгерді, өзгермеген – ілім – білімнің маңызы, бағасы ғана. Мәңгілік мәңгі құндылық – білімнің Алтынсарин кезіндегі басты миссиясы – халықтың көзін ашып, хат таныту еді. Соңдай-ақ ұлы агартушы сөзінің астарында халқының болашағы, жастарға орта және кесіптік білім беру жатыр. Өзі өмір сүрген кезеңінде Алтынсарин халқының мүшкіл халін, тұрмысын түзеп, тұтынуына қажетті тауарларды өндірумен айналысатын кесіби мамандар мәселесін көтеріп, осы бір иғі іске белсене кіріскеңін айқындастырын фактілер көп.

Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып қызмет істеп жүрген кезінде жасаған есептерінің бірінде: «Қыздар үйлерінен қатынап оқиды ...Оларға қарапайым халықтың тұрмысына керекті, мысалы, киім пішу, киіз басу, шәлі тоқу, тақыр кілем тоқу сияқты әйелдер істейтін жұмыстар үйретілді» деп жазған.

Мұның алдында қазақ педагогы өзі аса құрмет тұтқан досы, ұстазы, шығыстанушы-ғалым Н.И. Ильминскийге мына бір жаңалықты қуана жеткізген еді: «...мектептің қолөнер бөлімін ашуға кіріп жатырмыз, ал жуыр арада жеміс ағаштары иен огород өгуді де қолға алмақпышымыз».

Торғайда тұнғыш ашылған қолөнер мектебінің жұмысын алға бастыру оңайға соққан жоқ. Ең қажеттісі – арнайы оқулықтар, маман оқытушылар жоқтың қасы еді, басқа да жоқтар жетерлік болды.

Бар жауапкершілік инспектор Ы. Алтынсариннің мойнына түсті. Ол тағы да орыс достарының көмегіне жүгінеді. Ильминскийге хат жазып, «Сізде қол өнерін, бау-бақша оғород істерін, мал шаруашылығын, егіншілік кесібін үйретуге арналған практикалық женіл оқу құралдары жоқ па?» – деп сүрайды.

Тағы бір таңғаралығы: мамандардың хат кезінің өзінде қолөнер мектебі үшін мықты кадрлар іздеген. Қолөнер мектебі ашылғаннан кейін де тыным таппай, ондағы оқу-тәрбие жұмысын қадағалап, ақыл-кеңесін беріп отырған. Сол үшін де бірнеше мөрте іссапарға шыққаның мына бір сөздері айғақтайды: «Арғы күні тағы да Торғайға жүргелі отырмын. Онда жаңа ашылған қолөнер мектебінің жұмысы қалай жүріп жатқанын байқау үшін және оның шаруашылығын біржола жолға салу үшін Торғайда осы айдың аяғына дейін болмақтын».

Алтынсарин осылайша атқарылуы тиіс шараларды алдын-ала жоспарлап, тиянақты орындана отырған. Сонымен қатар ол Красноуфимск училищесі секілді облыста қазақтар үшін арнаулы ауыл шаруашылығы мектебін ашу туралы жоба ұсынған.

Ол техникалық мәні бар шараларды іске асыру сахарадағы қазақтарға иғі өсерін ти-гізеді деп санады. «Ойымыз, деп жазды ол, – қазақ даласына техникалық білім тарату».

Кесіптік білім беру ісін дамыту бағытындағы Ы. Алтынсарин қызметінің сан қырлы, ауқымының кең болғандығын айқындастырын фактілердің бірі мынау...» Мен бұл жерлердің даласынан «кермек» деген шөп іздеп жүргенім өзіңзге мәлім, ал ондай шөп бұл жақтан табылмағандықтан, мен енді сол сияқты тери илейтін, бояу болатын басқа шөптерді жинап жатырмын. Ал сізден етінерім: Үргыз дүкендерінен «ермен» деген шөпті сатып алыңыз».

Бұл сөздерге қарағанда, оқу ісінің инспекторы Алтынсарин мырза болашақ мамандардың іс-тәжірибесіне қажетті мәселені де өзі бас болып қолға алып, шешімін табуға құлшына кіріскеңін байқаймыз. Қандай табандылық, жаңкештілік десенші!

Осы айтылғандардың бәрінен түсінеміз: Ұбырай Алтынсарин – қазақ жеріндегі кесіптік білім беру ісінің негізін қалаған аса ардақты тұлға, табанды қайраткер.

Қалай болған күнде Ұбырай атамыз көзін тапқан кесіптік білімнің бүгін де кеңге қанат жайғаны мәлім. Ұлы педагогтың кесіптік білім беру ісіндегі тағылымды қарекеті қазіргі таңда жаңаша мазмұн-сипатқа ие болып, заман талаптарына сай жалғасын табуда. Құдды Ұбырай дәүірі жаңғырып қайта оралғандай, қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай, түрлі салада қызмет көрсете алатын мамандық иелеріне сұраныс артуда.

Иә, ұлы Алтынсарин негізін қалаған кесіптік білім беру ісі бүгін де лайықты жалғасын тауып, жандана түсүде.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның қарқынды дамуы кесіптік білім беру ісінің сапалық деңгейіне тәуелді екені ақиқат. Соңдықтан осы сала қызметкерлері Катаринскийдің А. В. Васильевке (Ы. Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін Торғай училищелерінің инспекторы болып тағайындалған) «Ұбырайша ойла, жұмыс істе, оның оқу-агарту саласындағы идеяларын жалғастыра бер» – деп, айтқан сөздерін ескере жүрсе, ұтылма-сы хақ.

Қорыта айтқанда, Ұбырай Алтынсаринді тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндепті емес, оны оқып үйрену өзін мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың парсызы, оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеумен өсудің – бір құралы. Сондықтан да Ұбырай атамыз армандаған ұстаз қоғам талабына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Ұбырай Алтынсариннің 19-ші ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған принциптері 21-ші ғасырга аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмытылыш жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектігін бір де бір жоғалтқан жоқ, керісінше, уақыт өткен сайын жаңа мазмұнға ие болып, жаңа, жандана түсүде десек қателеслеспіз. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабакастықты және дәстүр түрақтылығын тағы да дәлелдей түсүде.

Ұбырай атамыздың оқу-тәрбие ісіндегі идеялары, көзқарастары өлі құнгеде дейін өзінің актуалдылығын жоғалтқан жоқ. Атамыз, бізге, ұстаздарға, яғни өз халқының келешек үрпақтарына сеніп кеткен. Міне, қазір біз Ұбырай атамыздың педагогикалық көзқарастарының қанша уақыт өтсе де жанданып, жүзеге осы қунде асқанын айқын көріп отырымыз.

## **ҰБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ**

**Рахимова Э.Е.**

**«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №3 орта мектебі ММ»**

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарық-қа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзеттік махаббаттың арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алғып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлөрі үрпақтан- үрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі- Ұбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың тәңіздей толқып тасыған інжү – маржан жырларын жақын біліп, еңбегіне арқа өткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәүірдің мұрат- мұдделеріннің көдесіне, үрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Бұдан бір ғасыр бұрын халықтың, әрбір адамның жарқын болашағын өнер-біліммен тығыз байланысты қарастырылған Ұбырай Алтынсаринның педагогикалық мұрасында білім мен ізгіліктің негізін қалайтын ұстаз тұлғасы туралы өзінің өзектілігін жоғалтпайтынын, қайта қун өткен сайын жарқырай түсетін идеялар мол және берері өлі де көп. Туған елін сүйеттін, оның болашағы үшін жаңы ауырған біртуар азамат Ұбырай Алтынсарин бір өзі қазақ балаларын, қазақ халқын білімге шақырған ол қыын жағдайда ауқымды да маңызды істерді іске асырды.

Еңбеккөрлілік, іздемпаздығы, халқына деген шекіз сүйіспеншілігі оған уақытта демеу болып, осы қасиеттері арқылы ол қажымай-талмай өзі ашқан мектептеріне оқу бағдарламаларын құрастырып, соларды балалардың санасына құйып, тәрбиелеудің әртүрлі жолдарын ізденуден жалықпады. Бұл ізденістері оның еңбектерінде айқын көрініс береді.

Сонымен қатар, Ұбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып, білім алғын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін», – дей келе, қазақтың аса көрнекті азаматтарының бірі Ұбырай Алтынсарин өзінің ардақты борышы қазақ балаларын оқыту деп түсінді.

«Тастан сарай салғызатын», «жылдам хабар алғызатын», «адамды құстай ұшыратын», «отынсыз тамақ пісіретін», «сусыздан сусын ішкізетін» керемет күш -білім деңген Ұбырайдың ой тұжырымы бүгінгі заман үрдісімен үндес.

Ал оның заманы тарихтың бір аумалы – төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін- ақ енді қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық- зомбылық, зобалаңды басынан өткізіп жатты. Ауыр заманда білім алғып, ат жалын тартып мінгесін-ақ Ұбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Ұбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілшар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де үрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселеін көтеруге бет бүрді. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Шиеленісken тартыстар,